

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша  
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ

Р/с №	Құрылымдық бөлігі	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7
<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІ</b>						
1.	Жобаның 1-бабының жаңа 1-тармағы	13-бап. Жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері 1. Жеке тұлғалардың: 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы <b>жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға</b> қатысуға;	жоқ	бап тармақтарының кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертіліп, мынадай мазмұндағы <b>1-тармақпен</b> толықтырылсын: «1. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24,	<b>Депутаттар Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b>  заң жобасында заңнамалық актілерге енгізілетін өзгерістерге сәйкес келтіру.	<b>Қабылданды</b>

				146-күжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-күжаттар; № 5, 43-күжат; № 11, 102-күжат; № 12, 111-күжат; № 16, 129-күжат; № 21, 161-күжат; 2012 ж., № 3, 27-күжат; № 8, 64-күжат; № 14, 92, 95-күжаттар; № 15, 97-күжат; № 21-22, 124-күжат; 2013 ж., № 9, 51-күжат; № 12, 57-күжат; № 14, 72, 75-күжаттар; 2014 ж., № 1, 4-күжат; № 2, 10-күжат; № 7, 37-күжат; № 10, 52-күжат; № 12, 82-күжат; № 14, 84-күжат; № 19-I, 19-II, 96-күжат; № 21, 122-күжат; № 23, 143-күжат; № 24, 145-күжат; 2015 ж., № 8, 42-күжат; № 11, 57-күжат; № 20-IV, 113-күжат; № 20-VII, 115-күжат; № 22-I, 141-күжат; № 22-II, 144-күжат; № 22-V, 156-күжат; 2016 ж., № 1, 2-күжат; № 6, 45-күжат; № 7-II, 56, 57-күжаттар; № 8-II, 71, 72-күжаттар; № 24, 124-күжат; 2017 ж., № 4, 7-күжат; № 7, 14-күжат; № 9, 17-күжат; № 12, 34-күжат; № 23-III, 111-күжат; № 23-V, 113-күжат; 2018 ж., № 10, 32-күжат; № 19, 62-күжат;	
--	--	--	--	---	--

				№ 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат): 13-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы «жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға» деген сөздер «бейбіт жиналыстарға» деген сөздермен ауыстырылсын.		
<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ</b>						
2.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы		1) мазмұнында: <b>155-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:</b> «155-бап. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау»; <b>400-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:</b> «400-бап. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін бұзу»;	1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1) мазмұнындағы <b>155 және 400-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:</b> «155-бап. Бейбіт жиналысты ұйымдастыруға, өткізуге немесе <b>оған</b> қатысуға кедергі жасау»; «400-бап. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін бұзу»;».	Депутаттар <b>Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b>	Қабылданды
3.	Жобаның 1-бабы 1-тармағы 2)	155-бап. Жиналыс, митинг, демонстрация, шеру, пикет	2) 155-бапта: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:	2) тармақшаның үшінші абзацындағы «жиналыстарды	Депутаттар <b>Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров,</b>	Қабылданды

	тармақшасының үшінші абзацы	ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау	«155-бап. Бейбіт <b>жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау</b> »;	ұйымдастыруға және өткізуге немесе оларға» деген сөздер « <b>жиналысты ұйымдастыруға, өткізуге немесе оған</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.	<p><b>С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b></p> <p>редакциясын нақтылау.</p>	
--	-----------------------------	--	--	--	--	--

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ**

4.	Жобаның 1-бабы 2-тармағының жаңа 3) тармақшасы	476-бап. Төтенше жағдай режимін бұзу Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзу немесе талаптарды орындамау, сондай-ақ жергілікті жер комендантының заңды бұйрықтары мен өкімдерін: ... 3) <b>жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар</b> , сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да	<b>жоқ</b>	тармақтағы тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертіліп, мынадай мазмұндағы <b>3) тармақшамен</b> толықтырылсын «3) 476-баптың бірінші абзацының 3) тармақшасындағы «жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар», «өткізуге тыйым салу» деген сөздер тиісінше « <b>бейбіт жиналыстарды</b> », « <b>ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салу</b>	<p><b>Депутаттар Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b></p> <p>«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (Заң</p>	<b>Қабылданды</b>
----	--	--	------------	--	---	-------------------

		бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу;		немесе оларды шектеу» деген сөздермен ауыстырылсын;».	жобасының 7-тармағы) енгізіліп жатқан өзгерістерге сәйкес келтіру. Пікірді жария білдірудің барлық нысандарын қамтитын «бейбіт жиналыс» терминінің енгізілуіне байланысты.	
5.	Жобаның 1-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы	488-бап. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу 1. Қазақстан Республикасының жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды не өзге де көпшілік іс-шараны ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу не оларды ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі келтіру, сол сияқты заңсыз жиналыстарға,	3) 488-бап мынадай редакцияда жазылсын: «488-бап. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу 1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі жасау, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға әкеп соғады.	3) 488-бап мынадай редакцияда жазылсын: «488-бап. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу 1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі жасау, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. 2. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды	Депутаттар Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов  Заңға сәйкес өткізілетін бейбіт жиналыс барысында жол берілген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылық пен заңда белгіленген тәртіпті бұза отырып ұйымдастырылған	Қабылданды

		<p>митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де көпшілік іс-шараға қатысу, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға әкеп соғады.</p> <p>2. Ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды адамдарының санкцияланбаған жиналысқа, митингіге, пикет қоюға, демонстрацияға немесе өзге де көпшілік іс-шараға қатысушыларға үй-жай не өзге де мүлік (байланыс құралдарын, көбейту техникасын, жабдық, көлік) беруі немесе осындай іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін өзге де жағдайлар жасауы –</p>	<p>2. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұза отырып өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге, пикеттерге не өзге де көпшілік іс-шараларға қатысу, сол сияқты қатысушының заңнамада белгіленген талаптарды бұзуы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – ескерту жасауға немесе қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға әкеп соғады.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының бейбіт</p>	<p><b>ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін жиналысқа қатысушының Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</b></p> <p>3. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін бейбіт</p>	<p>және өткізілетін жиналыс үшін жауаптылықтың аражігін ажырату мақсатында.</p>	
--	--	---	---	---	---	--

		<p>жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза шаралары қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған не жиналысты, митингіні, шеруді, демонстрацияны ұйымдастырушы жасаған әрекеттер – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.</p>	<p>жиналыстарды ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұза отырып, жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, пикеттер не өзге де көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру және (немесе) өткізу, сол сияқты осы іс-шараларды ұйымдастырушыларға және (немесе) қатысушыларға үй-жайлар не өзге де мүлік (байланыс құралдары, көбейту техникасы, жабдықтар, көлік) беру немесе оларды ұйымдастыру мен өткізу үшін өзге де жағдайлар жасау, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – жеке тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз</p>	<p><b>жиналысты ұйымдастырушының Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</b></p> <p>4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген,</p>		
--	--	--	---	--	--	--

			<p>жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға – бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>4. Осы баптың екінші және үшінші бөлігінде көзделген, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар жасаған әрекеттер жеке тұлғаларға – Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады,</p> <p>заңды тұлғаларға – заңды тұлға қызметін үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып немесе онсыз, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>	<p><b>әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</b></p> <p><b>5. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін жиналыстарды, митингілерді, демонстрацияларды, шерулерді, пикеттерді не өзге де көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушыларға және (немесе) оларға қатысушыларға үй-жайлар не өзге де мүлік (байланыс құралдарын,</b></p>		
--	--	--	--	---	--	--



			<p>5. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.</p> <p>6. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға, дара кәсіпкерлерге - екі жүз айлық есептік</p>	<p>көбейту техникасын, жабдықты, көлікті) беру немесе оларды ұйымдастыру және өткізу үшін өзге де жағдайлар жасау, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>6. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге, пикеттеуге не өзге де көпшілік іс-шараға қатысу, егер бұл әрекеттерде қылмыстық</p>		
--	--	--	--	--	--	--

			<p>көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүз алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».</p>	<p><b>жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</b></p> <p><b>7. Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін жиналыстарды, митингілерді, демонстрацияларды, шерулерді, пикеттерді не өзге де көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру және (немесе) өткізу, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік</b></p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>қамаққа алуға, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>8. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар жасаған әрекеттер –</p> <p>Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, ескерту жасауға немесе отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</p> <p>9. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар жасаған әрекеттер –</p> <p>Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға заңды тұлға қызметін тоқтата тұрып немесе онсыз, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>10. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>11. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</p> <p>12. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, заңды тұлғаларға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.».</p>		
6.	<p>Жобаның 1-бабы 2-тармағының жаңа 4) тармақшасы</p>	<p>909-бап. Қызметті тоқтата тұру не оған тыйым салу туралы қаулыны орындау</p> <p>2. Өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, алименттерді өндіріп алу бойынша, еңбек шарты</p>	<p><b>жоқ</b></p>	<p>мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«4) 909-баптың екінші бөлігіндегі «митингілер, демонстрациялар және басқа да бұқаралық іс-шараларды» деген сөздер «бейбіт жиналыстарды</p>	<p>Депутаттар Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров,</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

		<p>бойынша жұмыс істейтін тұлғалардың еңбегіне ақы мен өтемақы төлеу, әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, айыппұлдарды төлеу бойынша төлемдерді қоспағанда, заңды тұлғаның және дара кәсіпкердің қызметі тоқтатыла тұрған кезеңде олардың банк шоттарындағы ақшаларын пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады. Қоғамдық бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған кезеңде оған бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт және насихат жүргізуге, <b>митингілер, демонстрациялар және басқа да бұқаралық іс-шараларды</b> өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Егер қызметін</p>	<p><b>және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырға және»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;».</p>	<p><b>П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b></p> <p>заң жобасының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келтіру.</p>	
--	--	---	---	---	--

		тоқтата тұрудың белгіленген мерзімі ішінде қоғамдық бірлестік бұзушылықты жойса, онда қаулыда көрсетілген мерзім өткеннен кейін қоғамдық бірлестік өз қызметін қайта бастайды.				
<b>«Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
7.	Жобаның 1-бабы 3-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы	23-бап. Қоғамдық бірлестіктің қызметін тоқтата тұру ... Қоғамдық бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған барлық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт және насихат жүргізуге, митингілер, демонстрациялар және басқа бұқаралық шаралар өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Оның банк салымдарын пайдалану құқығы да тоқтатыла тұрады, бұған еңбек шарттары бойынша есеп айырысу, өз қызметі нәтижесінде келтірілген	2) 23-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Қоғамдық бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған барлық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт және насихат жүргізуге, бейбіт жиналыстар және басқада бұқаралық шаралар ұйымдастыруға және өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Еңбек шарттары бойынша есеп айырысуды, өз қызметінің нәтижесінде келтірілген шығынды өтеу мен айыппұл төлеуді қоспағанда	3-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацында: «өз қызметінің» деген сөздер «қоғамдық бірлестік қызметінің» деген сөздермен ауыстырылсын; «қоспағанда оның банк салымдарын» деген сөздер «қоспағанда, оның банктік салымдарды» деген сөздермен ауыстырылсын.	Депутаттар Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов  редакциялық нақтылау.	Қабылданды

		шығынның орнын толтыру мен айыппұл төлеу қосылмайды. ...	<b>оның банк салымдарын пайдалану құқығы да тоқтатыла тұрады.».</b>			
<b>«Соғыс жағдайы туралы» 2003 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
8.	Жобаның 1-бабы 8-тармағының 2) тармақшасы		2) 9-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:	8-тармақтың 2) тармақшасы «9-баптың» деген сөздерден кейін «бірінші бөлігінің» деген сөздермен толықтырылсын.	Депутаттар <b>Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b>	Қабылданды
<b>«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
9.	Жобаның 1-бабының 9-тармағы	17-2-бап. Қордың зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыруы 9. Қор зиянды және (немесе) жерлеуге	9. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы	Жобаның 1-бабының 9-тармағы алып тасталсын.	Депутаттар <b>Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев,</b>	Қабылданды



		<p>жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерден мынадай жағдайларда:</p> <p>3) көлік оқиғасы еңсерілмейтін күштің салдарынан, яғни ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті улану, әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер сияқты төтенше және осындай алдын алуға болмайтын жағдайлар кезінде басталған болса;</p>	<p><b>Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 11, 63-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат):</b></p> <p><b>17-2-баптың 9-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</b></p> <p><b>«3) көлік оқиғасы еңсерілмейтін күштің салдарынан, яғни ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті улану, әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, бейбіт жиналыстар, жаппай тәртіпсіздік</b></p>		<p><b>А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b></p> <p>Өйткені, норманың мағыналық мазмұны өзгермейді.</p>	
--	--	---	---	--	--	--

			немесе ереуілдер сияқты төтенше және осындай алдын алуға болмайтын жағдайлар кезінде басталған болса;».			
<b>«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
10.	Жобаның 1-бабының жаңа 10-тармағы	13-бап. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізген кезде экстремизмді жүзеге асыруға жол бермеу Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізген кезде экстремизмді жүзеге асыруға жол берілмейді. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және	жоқ	10. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 3-құжат; № 13, 53-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 22-І, 140-құжат; 2016 ж., № 24, 126-құжат): 13-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар» және «, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды» деген сөздер алып тасталсын.	Депутаттар <b>Қ.С. Мусин, Н.М. Әбдіров, С.В. Имашева, В.И. Олейник, С.А. Абдрахманов, Б.Б. Мамраев, Б.Ж. Жылқышиев, А.О. Қоңыров, П.О. Казанцев, Е.С. Никитинская, А.Б. Тасболатов, Ш.Ә. Өтемісов</b>  «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының 10-бабына сәйкес келтіру және пікірді жария білдірудің барлық	Қабылданды

		<p>демонстрацияларды ұйымдастырушыларға оларды өткізгенге дейін жауаптылық туралы жазбаша нысанда ескертеді.</p> <p>Бейбіт жиналыстар, <b>митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар</b> өткізген кезде оларға қатысу үшін экстремистік ұйымдарды тартуға, олардың нышандарын пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды таратуға жол берілмейді.</p> <p>Осы бапта көзделген мән-жайлар байқалған жағдайда бейбіт жиналыстарды, <b>митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды</b> ұйымдастырушылар немесе оларды өткізуге жауапты өзге де тұлғалар көрсетілген бұзушылықтарды жою жөнінде шұғыл шаралар</p>			<p>нысандарын қамтитын «бейбіт жиналыс» терминінің енгізілуіне байланысты.</p>	
--	--	--	--	--	--	--

	<p>қолдануға міндетті. Осы міндеттердің сақталмауы бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды тоқтатуға әрі оларды ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жауаптылықта болуына әкеліп соғады.</p>				
--	--	--	--	--	--

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтіру керек.

**Заңнама және сот-құқықтық реформа  
комитетінің төрағасы**

**Н. Әбдіров**



*Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Маш Н. Шайбергали.*